



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі от «__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

20.10.2017-ғы № 20-34/2547 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 20 қыркүйектегі № ДС-196

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері үшін ағылшын тілі бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруға қатысты депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймыз.

Біліктілікті арттырудың тілдік курстарын ұйымдастыруға, оларды «PROFESSIONAL DEVELOPMENT CENTRE» ЖШС өткізуінің негізділігіне қатысты

2019 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытуға дайындалу мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» пәндері мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырды.

Осы мақсатта Министрлік облыстық, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің білім басқармаларына алдағы болатын курстар және мұғалімдерді осы курстарға іріктеу туралы толық ақпараты бар хаттар жолдаған.

Курстарды өткізу тәртібі Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларымен регламенттеледі¹.

Министрлік 222 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 5 ұйыммен («USTAZ Professional Learning Centre» ЖШС, «Astana School of Business and Technology» ЖШС, «Өрлеу» БАҰО» АҚ, «Назарбаев Университеті» ДБҰ, «Астана Білім Ордасы» ЖШС) 11 мыңнан астам пән мұғалімдерінің жұмыстан қол үзіп және жұмыстан қол үзбей біліктілігін арттыру бойынша қызметтерді көрсетуге шарттар жасасты.

¹ Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген

Ұйымдармен шарттар жасасу Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылды.

Бұл ретте, Сіздердің сауалдарыңызда көрсетілген Алматы облысының мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курстарын 428 мұғалімді (*физика, химия, биология, информатика пәндерінің 110 мұғалімі және ағылшын тілінің 318 мұғалімі*) қамти отырып, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ (бұдан әрі – НЗМ ДБҰ)² ұйымдастырғаның атап өтеміз.

Тілдік курстарды өткізу үшін қажетті жағдайлардың (*кадрлар, материалдық-техникалық база және басқалар*) болмағанына байланысты НЗМ ДБҰ заңнамада белгіленген тәртіппен тендер өткізген.

Әлеуетті қызмет көрсетушілерге қойылатын басты талаптардың бірі – тренерлер құрамында халықаралық сертификаттары (*Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages*), *Certificate in TESOL (Teaching English to Speakers of Other Languages)* *TKT (Teaching Knowledge Test)* бар қажетті адам санының болуы, сондай-ақ тиісті материалдық-техникалық жарақтандырылуы (*жабдықтармен және мультимедиалық техникамен жабдықталған аудиториялар және т.б.*) және осы саладағы жұмыс тәжірибесінің болуы.

Бірнеше рет өткізілген конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша қызмет көрсетуші ретінде қазақстандық білім беру қызметтері нарығында көпжылдық тәжірибесі бар, **қатысушылар құрамына «Professional Development Centre» ЖШС кіретін** Тілдік мектептер консорциумы³ (бұдан әрі – Консорциум) анықталды.

Консорциум мен «НЗМ» ДБҰ арасында қол қойылған шартқа сәйкес қызмет көрсетуші курстар басталмас бұрын аудиториялардың қажетті санын (20 бірлік) дайындап, тиісті жабдықтармен жарақтандырған.

Курстардың басталуына дейін (ағымдағы жылғы 2 қыркүйекке дейін) «НЗМ» ДБҰ-ның педагогикалық шеберлік орталығының филиалдары барлық өңірлердегі, соның ішінде Алматы облысындағы аудиториялардың дайындығын тексеру бастамасын қолға алып, нәтижесінде бұзушылықтар анықталмаған.

«PROFESSIONAL DEVELOPMENT CENTRE» ЖШС-ның Алматы облыстық білім басқармасымен шарт жасасамауына және педагог кадрлардың сапалық және сандық талдауының болмауына, уақытылы жатақхананың берілмеуіне қатысты

«НЗМ» ДБҰ мен Консорциум арасындағы шартқа сәйкес тыңдаушылар үшін тұратын орын беру көзделмеген.

«Professional Development Centre» ЖШС барлық өңірлердегі, оның ішінде Алматы облысындағы мектеп директорларымен және тыңдаушылармен үшжақты шарттар (2017 жылғы 4-5 қыркүйек) жасаған, олардың шеңберінде тыңдаушыларға тұруына кеткен шығындарының орнына мөлшері Статистика комитетінің ресми деректеріне сәйкес облыс орталықтары үшін – айына 45 мың

² 060 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-на нысаналы салым» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде

³ «Interpress International House» ЖШС, «Caspian Training Group» ЖШС, «Новое поколение» Халықаралық білім беру орталығы» ЖШС Консорциумының құрамына енеді

теңге, ал Астана, Алматы, Ақтау, Атырау қалалары үшін айына 82 мың теңге болып белгіленген өтемақы төлеу, сондай-ақ курстардың барлық кезеңінде педагогтердің еңбекақысын сақтау көзделген.

Алматы облысы тыңдаушыларының жалпы санының 86%-ын (368 адам) қаладан тыс жерлерде тұратын тыңдаушылар құрайды, олардың ішінде 162 тыңдаушы Талдықорған қаласы колледждерінің жатақханаларына орналастырылған, 206 адам туыстары мен таныстарының үйлерінде тұрған не тиімді бағамен баспана жалдаған.

Тыңдаушыларды қабылдау кезінде үміткерлер тестілеуден өтіп, нәтижесінде ағылшын тілін меңгеру деңгейіне байланысты оқу ұзақтығы айқындалды (*бейінді пәндер мұғалімдері үшін – 3 айдан 10 айға дейін, ағылшын тілі мұғалімдері үшін – 2 айдан 5 айға дейін*).

Бұл ретте шарт талаптарына сәйкес Консорциумға көрсеткен қызметтері үшін 100%-дық төлемақы тыңдаушылар тәуелсіз халықаралық емтихандарды сәтті тапсырған және нәтижелерін алған жағдайда ғана төленетін болады. Емтихандарды сертификаты бүкіл дүние жүзінде IELTS, TOEFL қатарында танылған Cambridge English Language Assessment-те авторизациядан өткен емтихан орталықтары өткізеді.

Сонымен қатар, 2017 жылғы 1 қыркүйектен бастап халықаралық емтихандарды сәтті тапсырған және оқу бағдарламаларын ағылшын тілінде іске асыратын пән мұғалімдері үшін базалық лауазымдық жалақысынан 200% мөлшерде (*шамамен 35 мың теңге*) қосымша ақы төлеу жүргізіледі. Осы мақсатта облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктеріне 2017 жылға арналған республикалық бюджеттен тиісті қаражат бөлі.

Министрлік осы бағыттағы жұмысты «НЗМ» ДБҰ-мен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп жалғастыратын болады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев